

Бизнес-серіктестердің Мінез-құлық кодексі

Осы Мінез-құлық кодексінде Бизнес-серіктестерге қойылатын негізгі талаптар мен олардың міндеттері анықталды. КаР-Тел Комплаенс-бағдарламаға өзгерістер енгізу кезіндегі талаптарды оңтайлы шектерде өзгертуге құқылы.

Біздің Бизнес-серіктестеріміз

Әлемдік экономикада жан-жақты байланыстардың дамуына байланысты, КаР-Тел (бұдан әрі мәтін бойынша - «КаР-Тел») VEON-ң бір бөлігі ретінде жабдықтаудың үздік жүйесін енгізуге ұмтылады. Біз өзіміздің сатушыларымызбен, агенттерімізбен, мердігерлерімізбен, делдалдарымызбен, реселлерлерімізбен, дистрибьюторларымызбен, бөгде қызметтер провайдерлерімен және басқа бизнес-серіктестермен (бірлесіп «Бизнес-серіктестер» деп аталады) қарым-қатынасымызды бағалаймыз, олар нақты бағалар бойынша жоғары сапалы, инновациялық өнімдер ұсынады, біздің бизнесіміздің тәуекелінің төмендеуіне ықпал етеді, барлық қолданыстағы заңдарды ұстанады, аса жоғары этикалық стандарттарды ұстанады, біздің клиенттеріміз үшін шынайы қосымша құнды жасайды, және ең кемінде, Бизнес-серіктестердің Мінез-құлық кодексінде (бұдан әрі - «Кодекс») белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Қолдану саласы

Осы Кодекстің әрекеті Бизнес-серіктестерге, сондай-ақ олардың еншілес және тәуелді қоғамдарына, қосалқы мердігерлері мен агенттеріне, лицензияланған/авторластырылған реселлері ретінде әрекет ететін агенттеріне және олардың өнімдері мен қызметтерін өткізетін компанияларға, және олардың еншілес қоғамдарына таралады. Біз өз Бизнес-серіктестерімізден өз серіктестерінен осы Кодекстің қағидаларын тиісті деңгейде мойындауын талап етуді сұраймыз.

Ортақ қағидалар

Әлеуметті жауапкершілік тартатын компания ретінде әрекет ете отырып, адамның құқықтарын құрметтей келе және мінез-құлық этикасын аса жоғары стандарттарын ұстана отырып, КаР-Тел бизнестің ұзақ мерзімді келешектегі көрсеткіштерін жақсартады. Біз осы қағидаларды толық шамада ұстанамыз және өзіміздің Бизнес-серіктестерімізден осы қағидаларды ұстануын және осы Кодексте келтірілген міндеттемелерді орындауын талап етеміз. Осы Кодекс ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар салаларының озық тәжірибесін, соның ішінде Электрондық өнеркәсіптік әлеуметтік жауапкершілігі Коалициясының Этика кодексін (Electronic Industry Citizen Coalition Code of Conduct), Жабдықтау жүйелерінің тұрақтылығына бірлескен аудит жүргізу

нұсқаулығын (Joint Audit Cooperation Supply Chain Sustainability Guidelines), сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының конвенциясы сияқты халықаралық құқық көздерін, өзге заңнамалық және нормативтік талаптарды ескере отырып әзірленді.

Этикалық мінез-құлық

VEON сияқты, біздің Бизнес-серіктестеріміз айрықша мүмкіндіктері мол көптеген қарқынды және келешегі зор нарықтарда жұмыс істейді, бірақ сонымен қатар, аталмыш нарықтардың этикалық және операциялық тұрғыдан айтарлықтай тәуекелдері болуы ықтимал. Осындай тәуекелдерді басқарудың ең дұрыс әдісі барлық қолданылатын заңдарды, соның ішінде АҚШ-та әрекет ететін парақорлыққа қарсы әрекет ету туралы заңдарды орындауға негізделеді, демек, АҚШ-та VEON компаниясы Nasdaq листингіне енгізілген, және Нидерландыда VEON штаб-пәтері орналасқан және ол жерде VEON-ң биржалық листингтері бар. КаР-Тел де, Бизнес-серіктестер де этикалық емес салдарға немесе қолданыстағы заңдарды бұзуға әкеп соғуы мүмкін қандай да бәр әрекеттерді атқармайды және қандай да бір тәуекелдерді өзіне қабылдамайды.

Істердегі адалдық

Біз мінез-құлықтағы адалдықтың мінсіз құндылығын және оның біздің бизнесіміз үшін қысқа мерзім ішіндегі де, ұзақ мерзім ішіндегі де мәнін мойындаймыз. Бұл жай сөз ғана емес. Бұл - біздің құндылықтарымыз. Адалдық және іскерлік этика өз мәні бар. Егер сіз кез-келген жағдайда дұрыс әрекет жасасаңыз, бұл әрдайым бағаланады. Біз өзіміздің Бизнес-серіктестерімізбен бірге біздің коммерциялық қызметіміздің тиімділігін арттыру үшін және осы Кодексті орындау үшін үздіксіз жұмыс істейміз.

Әлемдік көшбасшы

КаР-Тел, VEON сияқты жаңа цифрлық экономиканың әлемдік көшбасшысына айналу мақсатын көздейді және оған дұрыс жолмен жетуге ниетті. Адалдық – біздің мәдениетіміздің іргетасы. Құндылықтар мен адалдық саласында көшбасшы ретінде мойындалу – КаР-Тел мен VEON абыройын қалыптастыратын ең басты қозғалтқыш күш және біздің жетістігіміздің негізі. Бизнес-серіктестеріміздің мінез-құлқы КаР-Тел мен VEON абыройына әсер етеді. Егер Бизнес-серіктес Кодекстің стандарттарын ұстанбаса, онда болашақ тапсырыстарды орналастырған кезде ол КаР-Тел үшін артықшылықты контрагент болып табылмайды, ал онымен арадағы қазіргі іскерлік қатынастар ішінара немесе толықтай тоқтатылуы мүмкін.

Қол жеткен жетістіктерде тоқтап қалмау

Кодексте баяндалған нақты талаптар Бизнес-серіктестерге арналған минималды стандарттар болып келеді. Біз Бизнес-серіктестерімізге қолданыстағы заңнамада қарастырылмаған одан да жоғары стандарттарды ұстануға кеңес береміз.

Тиісті тексеріс

Бизнес-серіктестерді таңдаған кезде КаР-Тел қолданыстағы тәуекелдерді ескере отырып, қажетті көлемде тексерістер жүргізеді. Барлық Бизнес-серіктестер шарт жасасқанға дейін сыбайлаас жемқорлыққа қарсы тексерістер өтеді. Бизнес-серіктестерден КаР-Тел тексеріс жүргізген кезде көмек көрсету, барлық сауалнамаларды толық толтыру, сұратылған құжаттаманы уақтылы ұсыну, меншік иелері мен үлестес тұлғалар туралы айқын ақпаратты ұсыну талап етіледі.

Заңдарды және заңнамалық нормативтік актілерді орындау

Бизнес-серіктестер өздері жұмыс атқаратын елдерде қолданылатын барлық заңдарды, заңнамалық нормативтік актілерді және стандарттарды ұстануға міндетті. Егер қолданыстағы заңнама ме Кодекс бірдей мәселені реттесе және бір-біріне қайшы келмесе, онда анағұрлым қатаң стандарт қолданылады. Егер Кодекстің қандай да бір талабы қолданыстағы заңдардың нормаларына қайшы келсе, онда қолданылатын заңдарға қайшы келмейтін анағұрлым қатаң стандарттар қолданылады.

Парақорлық және сыбайлас жемқорлық

Біз тура мәлімдейміз: КаР-Тел кез-келген нысандағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты қолдамайды.

КаР-Тел сыбайлас жемқорлыққа, парақорлыққа, коммерциялық паралауға, алаяқтыққа, қымқыруға, ұрлыққа және ысырапшылдыққа үзілді-кесілді тыйым салады. Бизнес-серіктестер сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласындағы барлық қолданыстағы заңдарды ұстануы тиіс, және өздері жүргізетін мәмілелер бейнеленетін жалған немесе шатастыратын ақпарат келтірілмеген есепті жүргізуі тиіс. Бизнес-серіктестер КаР-Тел үшін заңсыз артықшылықтарды алу мақсатында әлдекімнен тікелей немесе өзге тұлғадан жанама түрде ақшалай қаражатты немесе өзге құндылықтарды бермеуге, ұсынбауға, талап етпеуге және қабылдауға келіспеуге міндеттеледі.

Бизнес-серіктестерден заңсыз әрекеттерді және заңның ықтимал бұзылуын болдырмау және тежеу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласындағы өзіндік комплеанс-бағдарламаларды енгізеді және қолдайды деп күтіледі.

Сыйлықтар және өкілдіктік шығындар

Бизнес-серіктестер КаР-Тел жұмыскерлеріне немесе өкілдеріне әсер ету мақсатында оларға сыйлықтар ұсынбауға, өкілдіктік іс-шаралар ұйымдастырмауға және өзге пайдаларды тікелей немесе жанама ұсынбауға, сондай-ақ келіссөздерді, конкурстық рәсімдерді жүргізу барысында немесе конкурстың жеңімпазымен шарт жасасу кезінде КаР-Тел жұмыскерлеріне құнына

қарамастан қандай да бір сыйлықтар ұсынбауға және өкілдіктік іс-шараларды ұйымдастырмауға міндеттеледі.

Құпиялылық және дербес деректерді қорғау

Бизнес-серіктестер КаР-Тел клиенттеріне, КаР-Тел шаруашылық қызметіне, оның келісім-шарттарына, жобаларына, қаржылық күйіне немесе көрсеткіштеріне қатысты барлық ақпараттардың құпиялығын сақтауға міндетті, егер өзге тәртіп КаР-Телмен тікелей келісілмесе. Бизнес-серіктестер дербес деректерді қорғауға қатысты істер жүргізілетін тұлғалардың оңтайлы болжалдарына сәйкес келуі тиіс. Бизнес-серіктестер дербес деректерді жинаумен, өңдеумен және таратумен байланысты ақпараттың қауіпсіздігіне және қол сұғылмаушылығына қатысты заңдар мен заңнамалық нормативтік актілерді орындауға міндетті. Бизнес-серіктестер клиенттердің дербес деректерін қауіпсіз сақтауды қамтамасыз етуге және олардың таралуына жол бермеуге міндетті. Бизнес-серіктестер деректердің тиісті қорғалуын, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің сенімділігін, КаР-Тел мен оның клиенттерінің дербес деректерімен жұмыс жасайтын өз жұмыскерлерінің әрекеттерін тиісті қадағалауға міндетті.

Бәсекелестікті шектейтін әрекеттер

Бизнес-серіктестер бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманы және монополияға қарсы талаптарды бұзбауға, сондай-ақ оларды бұзу мақсатында келісім жасаспауға міндеттеледі. Бизнес-серіктестер бизнесті, жарнаманы және бәсекелестікті адал жүргізу стандарттарына сәйкес келуге міндетті.

Мүдделердің шиеленістері

Бизнес-серіктестер КаР-Тел-ге қатысы болуы мүмкін нақтылы, әлеуетті немесе болжалды мүдделер шиеленістері туралы КаР-Тел-ге хабарлауға міндетті. «Мүдделердің шиеленісі» дегеніміз салдарынан тарап өзінің қаржылық немесе жеке мүдделерін өз міндеттемелерінен жоғары қоюы мүмкін немесе осындай тараптың пайымдары, шешімдері немесе әрекеттері адал болмауы мүмкін кез-келген нақтылы, әлеуетті немесе болжалды жағдайларды білдіреді. Бизнес-серіктестерге іскерлік қатынастарға қолайсыз әсер етуі мүмкін кез-келген мүдделер шиеленісінен аулақ болған жөн.

Зияткерлік меншік

Бизнес-серіктестер зияткерлік меншік құқықтарын құрметтеуге міндетті. Бизнес-серіктестердің техникалық шешімдерді тарату тәртібі зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Ақша қаражаттарының ізін жасыру

Бизнес-серіктестер ақша қаражаттарының ізін жасырудың кез-келген нысандарына табандылықпен қарсы әрекет етуге және Бизнес-серіктестер жүргізетін қаржылық транзакцияларды үшінші тұлғаларды ақша қаражаттарының ізін жасыру мақсатында пайдалануына жол бермеу үшін шараларды қабылдауға міндетті.

Ауызша нысандағы шарттарға тыйым салу

КаР-Тел Бизнес-серіктестерге ауызша нысанда шарттар жасасуға тыйым салады. КаР-Тел мекен-жайына тауарларды жеткізу мен қызметтерді көрсетудің барлық талаптары шарттық міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін келісіледі және жазбаша түрде бекітіледі.

Халықаралық саудалық және экономикалық санкциялар

Бизнес-серіктестер халықаралық сауда-саттық саласындағы (соның ішінде импорттық және экспорттық/қайта экспорттық бақылау шараларын) және экономикалық санкциялар саласындағы қолданылатын заңдарды және нормативтік актілерді ұстануға міндетті. Бизнес-серіктестер қолданылатын заңдар немесе нормативтік актілер мәмілелерді жүргізуге тыйым салатын тараптармен немесе осындай хүкіметте істерді жүргізбеуге міндеттеледі.

Адамның құқықтары

Бизнес-серіктестер БҰҰ қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында белгіленген адам құқықтарын құрметтеуге және ұстануға міндетті. Бизнес-серіктестер адам құқықтарының кез-келген бұзылуына ықпал етпеуге міндетті және адамның абыройының, жеке деректерінің қол сұқпаушылығы және құқықтарын әрдайым құрметтеуге міндетті. Бизнес-серіктестер жұмыскерлерге қатысты өрескел әрекеттердің кез-келген нысанына, сонымен қатар, моральдық қысым көрсетуге, қол жұмсауға, тұлғалардың мүмкіндіктерін шектеу арқылы құқықтарын бұзуға, құлдыққа және сексуалды алымсақтыққа төзбеушілік білдіруге міндетті.

Мәжбүрлі еңбек

Бизнес-серіктестер мәжбүрлі еңбектің, берешек құлдылығының, еріксіз немесе міндетті еңбектің қандай да бір нысанын пайдаланбауы тиіс. Бизнес-серіктестер жұмыскерлерден мемлекет берген сәйкестендіру құралдарын, төлқұжатты немесе жұмысқа деген рұқсатты жұмысқа орналасу шарты ретінде тапсыруды талап ете алмайды. Бизнес-серіктестер мен олардың жұмыскерлері арасындағы еңбек қатынастары ерікті болуы тиіс және қоқан-лоққыға, қоқытуға немесе мәжбүрлеуге негізделмеуі тиіс.

Балалар еңбегі

Бизнес-серіктестер балалар еңбегін пайдаланбауы тиіс. Егер қолданыстағы заңнамада жұмысқа орналасу үшін минималды жас белгіленбесе, онда «бала» дегеніміз 15 жасқа толмаған кез-келген тұлғаны білдіреді. Жұмысқа орналасудың максималды жасы Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) бірнеше конвенцияларында көрсетілген.

Қарым-қатынастардың ашықтығы мен адалдығы

Бизнес-серіктестер жұмыскерлері мен жетекші арасында қорқу, кек қайтару, қорқыту немесе алымсақтық белгілері жоқ ашық әрі адал қарым-қатынасты қолдауға міндетті, сондай-ақ мүмкіндігінше заң ауқымында, жұмыскерлердің бірлесу еркіндігіне деген құқықтарын мойындауға міндетті.

Кемсітушілікке жол бермеу

Бизнес-серіктестер жұмыскерлерге қатысты алымсақтыққа және оларға қатысты заңсыз кемсітушілікке жол бермеуге міндеттеледі. Бизнес-серіктестер жұмысқа қабылдаған кезде немесе еңбек қатынастары барысында өз жұмыскерлерін заңмен қорғалатын қандай да бір санатқа тиесілігі не болмаса жасы, нәсілі, терісінің түсі, этникалық тиесілігі, тұрғылықты халық өкілінің мәртебесі, жынысы, гендерлік бірегейлігі немесе гендерлік болмысы, сексуалдық бағдары, мүгедектігі, жүктілігі, денсаулығының жағдайы, діни сенімі, әлеуметтік шығу тегі немесе мәртебесі, саяси ұстанымдары, салалық қауымдастықтарға немесе кәсіподақтарға қатысуы, отбасылық жағдайы немесе ардагер мәртебесі бойынша кемсітуге жол бермеуге міндетті, мысалы, қызметтік мансабын жоғарылатқан кезде, сыйақы және оқуға қолжетімдік берген кезде кемсітпеуі тиіс.

Еңбек қатынастарының талаптары

Бизнес-серіктестер өз жұмыскерлерімен еңбек қатынастарын белгілейтін еібек шарттарын жасасады. Жергілікті заңнамалық талаптарды ескере отырып, еңбек шартында кем дегенде минималды еңбекақысына сәйкес адал сыйақы қарастырылуы тиіс, және қолданыстағы заңдарда белгіленген жұмыс уақытының максималды ұзақтығына сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар, жұмыскерлерге тиісті құрмет көрсетілуі тиіс және олардың адамдық абыройы мойындалуы тиіс. Физикалық, психологиялық қысым көрсетудің кез-келген нысандары, тіл тигізу, қауіп төндіру және қорқытудың кез-келген нысандарына қатаң тыйым салынады.

Денсаулықты және еңбекті қорғау

Халықаралық стандарттарға, ұлттық заңдарға және нормативтік актілерге сәйкес Бизнес-серіктестер салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға міндетті. Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікке қатысты міндеттемелер барлық тұлғаларға, соның ішінде Бизнес-серіктестің орынжайларында жұмыс істейтін

жұмыскерлер мен мердігерлерге Бизнес-серіктестің бақылауымен таралады. КаР-Тел орынжайларында болған немесе КаР-Тел мүдделері үшін жұмыстарды орындау барысында кісі өліміне немесе жарақаттануына әкеп соққан барлық оқиғалар есепте көрсетілуі тиіс.

Апаттық және төтенше жағдайларға дайындық

Бизнес-серіктестерде апаттық жағдайларда, жұмыскерлердің денсаулығына залал келтірілген кезде және болжалды төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге дайындық жүйесі міндетті түрде болуы тиіс. Бизнес-серіктестер өз жұмысында бұрын болған апаттық және төтенше жағдайларды тіркейді, тергейді және есепке алады.

Санитарлық-гигиеналық қамтамасыздандыру

Бизнес-серіктестер жұмыскерлер құрамын тұрмыстық жайлылықпен, соның ішінде, қажет болса, гигиена және қауіпсіздік талаптарына және жұмыскерлердің негізгі тұтынушылық талаптарына сәйкес келетін тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

Қоршаған ортаны қорғау және ластануына жол бермеу

Бизнес-серіктестер қоршаған ортаны қорғаудың қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етуге және табиғатты қорғау саласында қолданылатын заңдарды ұстануға, осылайша жұмыс атқару барысында тиісті жауапкершілікті білдіруге міндетті. Аз дамыған немесе заңнама тиісті түрде қолданылмайтын елдерде Бизнес-серіктестер қоршаған ортаны ластауды барынша азайтуға ұмтылуға міндетті. Экологиялық немесе әлеуметтік ахуалды жақсартататын өнімдер мен қызметтердегі инновациялық өзгерістерге, сонымен қатар экологиялық таза технологияларды пайдалануға барынша қолдау көрсетуі тиіс. Бизнес-серіктестер адамдардың өмірі мен денсаулығына, табиғатқа және қоршаған ортаға қолайсыз әсер етуі мүмкін жұмыс бағыттарындағы ахуалды түзету шараларын қабылдауға міндетті.

Минералдық шикізат көздерін таңдауға қатысты жауапты тәсілдеме

Бизнес-серіктестер өз өнімінде адам құқықарын бұзуға қатысы бар қарулы күштерді тікелей немесе жанама қажыландыру үшін шығарылатын шикізаттың түрлерін пайдалануға жол бермеу үшін оңтайлы шараларды қабылдауға міндетті.

Есепке алу дәлдігі мен толықтығы

Бизнес-серіктестер есептік деректердің бұрмалануына, сондай-ақ жұмыс жағдайлары мен әдістері туралы мәліметтердің бұрмалануына жол бермеуге міндетті.

Осы Кодексті ұстану бойынша комплаенс-бағдарлама

Бизнес-серіктестер осы Кодекстің мәселелеріне қатысты бағдарламаны немесе жүйені жасауға ұмтылуға міндетті, егер осындай жүйе Бизнес-серіктестің қолданыстағы құрылымында болмаса. Мұндай бағдарлама немесе жүйе осы Кодекстің орындалуын қамтамасыз етуге шақталуы тиіс. Оның мақсаты болып осы Кодекспен байланысты операциялық тәуекелдерді төмендету болуы тиіс. Осындай бағдарлама немесе жүйе үздіксіз жетілдіру қағидасына негізделуі тиіс.

Бұзылымдар туралы хабарламалар

Бизнес-серіктестерден осы Кодекстің ықтимал немесе белгілі бұзылымдары туралы дереу хабарлау талап етіледі. Егер сізде осы Кодекске қатысты қандай да бір сұрақтар туындаса немесе егер әлдекім оны бұзды деп есептесеңіз, compliance@veon.com, compliance@beeline.kz. мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды сұраймыз. Балама ретінде www.veon.com/speakup мекен-жайы бойынша сұрақ қоюға немесе мәселе туралы хабарлауға болады. Барлық хабарламалар тиісті түрде қарастырылады, қажет болса, тергеу жүргізіледі. КаР-Тел мәселе туралы хабарлау арқылы дұрыс әрекет жасауға тырысатын кез-келген тұлғаға қатысты кек қайтаруды өрескел деп есептейді. Ықтимал заңсыз мінез-құлық туралы хабарлаған және мәселе туралы хабарлау салдарынан кек қайтаруға немесе оған қарсы бағытталған басқа әрекеттерге тап болған тұлға бұл туралы жоғарыда көрсетілген арналар бойынша дереу хабарлауы тиіс.

Жыл сайынғы тұрақты даму есебі

VEON осы Кодексті енгізу барысы туралы мәліметтерді өзінің жыл сайынғы Тұрақты даму есептерінде жариялауға құқылы. Осында Есептерде жекелеген Бизнес-серіктестер көрсетілмейді, ал алдын ала келісілген уағдаластық болмаған кезде Бизнес-серіктестерді сәйкестендіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында нақты жағдайларды тергеу тұлғасыздандырылады.